

Кейбір селолық округтердің шекараларын өзгерту және Ұрымқай селолық округін құру туралы

Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімшілігінің бірлескен шешімі. 2002 жылы 19 желтоқсандағы N С-22-9. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылы 14 қаңтарда N 1490 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"» Заңының 11 бабына сәйкес, облыстық әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру мақсатында және Щучье ауданы әкімі мен аудандық мәслихатының бірлескен өтініштері негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі ш е ш і м е т т і :

1. Облыстық әкімшілік-аумақтық құрылымына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

Веденовка және Успенюрьевка селолық округтерінің шекаралары Николаевка, Райгородок селоларын Веденовка селолық округінің қарамағынан Успенюрьевка селолық округінің әкімшілік қарамағына беру арқылы өзгертілсін, орталығы У с п е н о ю р ь е в к а с е л о с ы ;

Ұрымқай, Дмитриевка, Ынталы, Кіндікқарағай, Күлстан, Қарашілік, Красный Кордан, Көрнекті селоларының шекарасында Ұрымқай селолық округі құрылсын, о р т а л ы ғ ы Ұ р ы м қ а й с е л о с ы ;

Успенюрьевка селолық округінің шекарасы Ұрымқай, Дмитриевка, Ынталы, Кіндікқарағай, Күлстан селоларын Успенюрьевка селолық округінің қарамағынан Ұрымқай селолық округінің әкімшілік қарамағына беру арқылы өзгертілсін, орталығы Ұ р ы м қ а й с е л о с ы .

Климовка селолық округінің шекарасы Қарашілік, Красный Кордан, Көрнекті селоларын Климовка селолық округінің қарамағынан Ұрымқай селолық округінің әкімшілік қарамағына беру арқылы өзгертілсін, орталығы Ұрымқай селосы.

2. Шешім Ақмола облыстық әділет басқармасында тіркелгеннен соң күшіне енеді.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

О б л ы с ә к і м і

Облыстық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы